



МҰРДАЗ- ҚАЗАЛЫ

№18
(2293)
Сенбі
15 наурыз
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарғын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті.

Қазіргі таңда Шардара су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 500 текше метр су жіберілсе, оның 200 текше метрі Көксарай су реттегішіне алынады. Облыс аумағына секундына 378 текше метр су келіп түсуде. Ықтимал су тасқынының алдын алудың көшенді шаралары үйлестіріліп, «2024-2025 жылдардағы қысқы-көктемгі кезеңде Сырдария өзеніндегі үлкен көлемдегі суды қауіпсіз өткізу» жоспары бекітілді.

Өзен суы магистральді канал-



дар мен көлдер жүйесіне жіберу арқылы реттелуде. Су басу қаупі бар аймақтарға арнайы техника, күш-құралдары бар жауапты

мекемелер бекітілген. Тасқынға қарсы қажетті материалдық-техникалық қор да, халықты көшіру пункттері де дайын.

Жергілікті атқарушы органдар, төтенше жағдайлар мен су шаруашылығы мамандары тәулік бойы кезекшілікте.

Облыс бюджетінен 139 млн. теңге бөлініп, «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамымен жасалған келісім-шартқа сәйкес 2 тікұшақ дайындыққа келтірілді. Мұз жарумен айналысатын арнайы мамандандырылған мекемемен келісім-шарт жасалған. Өткен жылы 3 нысандағы қорғаныс бөлеттеріне облыстық бюджеттен 130 млн. 500 мың теңге бөлініп, тиісті жұмыс жүргізілді. Бұдан бөлек, бюджеттен тыс қаржы көздері есебінен 20 нысан жөндеуден өтті.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

«КӨКТЕМГІ КӨШЕТ» ТАЛ ЕГУ АКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесі қарсаңында «Көктемгі көшет» тал егу акциясы ұйымдастырылды. Оған аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет қатысып, игі бастамаға қолдау білдірді.

Аудан орталығы – Әйтеке би кентінде өткен акцияға түрлі сала қызметкерлері мен белсенді жастар және еріктілер қатысып, орталық көше бойын көшетпен көмкерді. Мұнан бөлек, кенттің бірнеше аумағында

ұйымдастырылған шараға көше комитеттері мүшелері мен тұрғындарда қатысып, акцияда 100-ге жуық жас көшеттер отырғызылды.

Айта кетейік, мереке қарсаңында қазалылықтар тал егумен қатар тазалық шараларында ұйымдастырып, экологиялық акцияға белсенді үлес қосуда.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ПАРТИЯ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ



Аудандық партия филиалының төрағасы, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш партия алаңында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді.

Тұрғындардың өтініш-шағымдарын тыңдауға партия филиалының Атқарушы хатшысы Нұрғиса Жалғасбаев, аудандық Мансап орталығының директоры Болатбек Баймаханов және аудандық көп бейінді орталық ауруханасының бас дәрігері Қадірбек Алипов қатысты.

Қабылдауға келушілер тұрақты және ақылы қоғамдық жұмыстарға орналасу мәселелерін көтерді.

Филиал төрағасы Ғазиз Әлмәмбетұлы өтініш иелеріне enbek.kz электронды еңбек биржасында жарияланған бос жұмыс орындарын ұсынып, нақты бағыт-бағдар берді. Сонымен қатар, жауапты сала мамандарымен бірлесіп, азаматтардың өтініштерін заң аясында оң шешу жолдарын қарастырып, тиісті түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

АЛДЫМЫЗДА КӨШБАСШЫ АҒАЛАРДЫҢ ЖҮРГЕНІ ЖАҚСЫ ЕДІ



Мына қым-қуыт тіршілікте адамзат баласы түрлі оқиғаларды бастан кешіреді. Жақсылықтармен де, қиындықтармен де бетпе-бет келеді. Қоңыраулаған қоңыр тіршіліктің түймесін дөп басып, алға түзу бағыт алып, өмірден өз орнын ойып тұрып алу да бір бақыт. Алайда кедірлі-бұдырлы өмір жолында кездескен қиындықтарды жеңуде, дағдарысқа түскен сәттерінде дұрыс бағдар беруде ақылшы ағалардың ақыл-кеңесі әрқашан қажет болады.

Иә, әр әулеттің, әр рудың көш басшысы бар. Жақсылықтар мен қиыншылық сәттерде көпшілік соның төңірегіне жиналады. Ағалық ақыл-кеңесін тыңдайды. Не істеу керек, қайтпек керек екенін ақылдасады. Ұтырлы істі ұйымдастыруда соның көмегіне жүгінеді. Ондай топ бастар ақылшы ағалар әр әулеттен табылады. Оны өз руластары мақтан тұтады. Атқа мінген азаматымыз еді деп құрметтеп сыйлайды.

Біздің де осындай көш бастар ақылшы ағамыз бар еді. Ол есімі ауданымызға белгілі азамат, су шаруашылығының майталманы, ақпейілді жан, дархан болмысты көш басшысы, марқұм Қуаныш Көләнов аға еді. Менің білуімше Қуаныш аға жайлы әріптестері, болмаса жақын араласқан достары, жақын-жуықтары, басқалардың тек жақсы сөздерін есітіп келіпін. Олар ағамыздың қазақы кеңдігін, қарапайымдылығын, өз мамандығының білгірі, тәжірибелі маман екендігін басымырақ айтатын. Ал, абзал жанның інілеріне кейіген де, тапсырманы орындауды міндеттегендегі қатқыл сөздерінен де аса зәрілдік байқалмайтын. Аржағынан жылы жүректің жылулығы сезіліп тұратын.

Қуаныш ағамның өмір дерегі, азаматтың биікке қалай көтерілгені, аудан экономикасының өркендеуіне қосқан үлесі жайлы айтып өткендігіміздің ешартықшылығы

болмас.

Қуаныш Көләнов 1948 жылы №12 ауылдық кеңесте, қазіргі Ү.Түктібаев аулында ұзақ жылдар ферма меңгерушісі, сушы-мұрап болып қызмет атқарған шаруа адамы Аяпов Көләнның отбасында дүниеге келген. Анасы Базар Тұрмаханқызы үй шаруасымен айналысып, отағасының жұмысының ілгері басуы үшін үнемі көңілін аулап баққан. Әкесі болса жалғыз ізбасарының амандығын тілеп, жастайынан еңбекке баулыған.

Қуаныш аға әке үмітіне орай жастайынан қатарластарына қарағанда өте бойшаң болып өсіп, ерте есейді. «Жаңатал», Ү.Түктібаев аулындағы сегіз жылдық мектепте оқып, көршілес ауылдағы №24 орта мектептің 11 класын бітірді. Ата-анасының ақылымен еңбек жолын бұрынғы Карл Маркс атындағы совхозда жұмысшы болып бастап, Қазалы автотранспорт кәсіпорнында бір жыл жүргізуші болып, бұл кәсіптің де сырын аңдады.

Қайратты жігіт мамандық таңдауға бел буды. Талаптанып қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Ванновка гидромелиоративтік техникумының гидромелорация бөліміне оқуға түсті. Тумысынан сабырлы бозбала жігіт дәріс алуға ден қойып, қатарластарының арасында ерекшеленді. Соның нәтижесі шығар, техникумды бітірерде сол Түлкібас ауданының тумасы Нағима Оралбаева есімді сұлу бойжеткенді өзінің жары етіп ерте келді де Қазалы су шаруашылығы басқармасына бөлімше гидротехнигі болып қызметке орналасты. Ол кезде су мамандарының қажеттігі әркез сезілетін. Сондықтан 1973 жылы аудандық партия комитетінің тікелей нұсқауымен Карл Маркс атындағы совхозға бас инженер гидротехник болып тағайындалды. Іскерлігімен көзге түскен жас маман үш жылдан соң Қазалы су шаруашылығы басқармасының сол жаға бөлімшесінің бастығы қызметіне жоғарылатылды. Осы қызметті жеті жыл атқарғанда бөлімшедегі су жүйелерінің жәй-күйімен жете танысып қана қоймай, күрделі мәселелердің шешімін табуда ұсыныстарымен, зерделеуімен көзге түсті. Одан соң екі жыл басқарманың бас инженері қызметін атқарып, мекеме басшысы қызметіне тағайындалды. Басшылық қызметті табандатқан 15 жыл атқарып, жұмыстың бар ауыртпалығын мойнымен көтеріп, абыройға да бөленді, мол тәжірибе де жинақтады. Көләновпен талайлардың санасуына тура келді. Алайда атпал азаматтың алымды істері кейбіреулерге жақпағаны да

белгілі. Тырнақ астынан кір іздесе қай жұмыстың да бір кемшілігі табылады ғой. Орынсыз ғайбаттау жүйкеге салмақ түсіреді. Сол кездегі аудан басшысына жақпады ма, басқарманың орынбасарлық қызметіне шеттетілді. Басқа да қызметке ауыстырылды. Барлығы орнымен істелсе жөн ғой. Әділетсіздік өкпе, реніш тудырады. Әйтсе де Қуаныш ағамыз онысын сырт көзге сездірген жоқ. Көп жыл бірге қызмет атқарған, қиындықтарды бірге бөліскен әріптестері мен ауылдастарын, жақын-туыстарын қимаса да 56 жасында сол жақтағы балаларын сылтау етіп, Алматы қаласына қоныс аударды. Тәжірибелі маманға қай жерде зәру ғой. Қуекең, Алматы қаласындағы ауыл шаруашылығы министрлігінің су ресурстары жөніндегі комитетіне қарасты «Жетісу» гидрогеология мелиоративтік экспедициясына бөлім бастығы болып қызметке орналасты. Бұл жұмысты 4 жыл атқарды.

Жер жаннаты Жетісу өмір сүруге қолайлы орта. Табиғаты тамаша, ауасы таза. Тау баурайы, сылдырап аққан өзеншелер кім-кімді де өзіне тартып, қызықтыра түседі. Көпшілік адамдардың Алматыға қоныстануға бүйрегі бұрып тұратындықтары да сондықтан шығар. Әйтеуір Алматыға қарай ағылатындардың қарасы қалың. Сондықтан Көләновтар отбасы да Алматының тыныс-тіршілігіне бірте-бірте үйренісе бастады. Жаңа таныстар тапты. Алматыға көшкен бұрынғы ауылдастардың біразымен қайта табысты. Әйтсе де туған жердің біз білмейтін, аңғармайтын сыры барау, сірә. Жазғыыстығы терінді күйдіретін, жел болса шаңдағы бұрқырап тынысты тарылтатын Қазалысын сағынып, туған жердің топырағын аңсайтынын қайтерсің. Сиқырың бар –ау, туған жер

Сөйтіп, Алматыға бауыр басып келе жатқанда ойламаған жерден Қазалыдан шақырту алмасы бар ма? Олар жәй адамдар емес, сол кездегі аудан әкімі Айтбай Көшербаев пен өзінің тілектес құрбы досы елімізге белгілі кәсіпкер Самұрат Жұманұлы Имандосовтан. Екеуі де елге оралып, өзіңнің бұрынғы қызметіңді атқар, өзің өскен ауданның экономикасын жақсартуға үлес қосуға мүмкіндігің бар деп үміттендіреді. Бұл шақырулар Қуаныш ағаға үлкен міндет жүктегендей болды. Қазалының қарапайым азаматтары емес, екі нар тұлғасы сенім білдіріп, өтініш айтып отырғанда қалай ойландырмасын. Жан-жары Нағимасымен ойласуына тура келді. Оны-мұны келіспеушіліктер болғанымен Қуаныш ағаның уәждері басым түсті.

2009 жылдың қаңтарында ауыл шаруашылығы ұжымдары

мүшелерінің арасында Алматыға кеткен Қуаныш Көләнов «Қазсушар» Қызылорда филиалының «Қазалысушар» өндірістік учаскесінің басшысы болып қайта тағайындалып, қызметіне кірісіпті деген сөз тарады. Осылайша тәжірибелі басшы, білікті маман, Қуаныш аға өз ұжымдастарымен қайта қауышты. Міндет пен жауапкершілік арқалаған азамат сенімге сай қызмет атқаруға байсалды байламмен кірісті.

Қуаныш Көләнов басқарған ұжым ауданның егістік жерлеріне су жеткізуде қыруар жұмыстар атқарып, су тоспаларымен гидротехникалық құрылыстарының жәй-күйін бақылап, өнім өндіруге сүбелі үлесін қоса білді.

Атпал азамат, ағайынның да қамқоршысы Қуаныш Көләнұлының туыстардың басын қосқан имандылық шарасын атап айтуды жөн көріп отырмын. Ол өзі бас болып, туған жерден жыраққа кеткен туыстардың ұрпақтарын іздестіріп тауып, бәрін ұйыстырып, ата-бабаларына туған жерінде ас беруді ұйымдастырды. Жер-жерге сұрау салып, туыстардың бәрінің басын біріктірді. Ас болатын күнді белгілеп, бәріне хабар берді. Қуекеңнің бастамасын аталас туыстары, құрдастары: Серікбай, Жетіру аға бастаған топ әп дегеннен қолдады. Алыстағы ағайындар да тілегін білдіріп жатты. Әйтсе де ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында шапқылап Қуаныш ағаның өзі жүрді. Тілекші қауымда қолғабысына аямады. Туыстардың ынтымағы мен бірлігі көп түйіннің шешілуін ширатты. Нәтижесінде Ү.Түктібаев аулындағы «Бақайдың Сарытөбесі» учаскесіндегі ата-бабалар қорымының басына түнеухана салынды. Бақай аталығына арналып, ескерткіш белгі қойылды. Төбе басындағы асқа 500-ге жуық адам жиналды. Ата-бабалардың есімдері аталып, рухына құран бағышталды. Орал, Астана, Алматы, Шымкент, Жамбыл, Қызылорда, Арыс, Арал қалалары мен көршілес ауылдардан келген қонақтар имандылық шарасын ұйымдастырған Қуаныш Көләнов бастаған туыстарына алғысын айтып, рахметін жаудырып, өліге құрмет көрсетудің маңыздылығы жайлы әңгімеледі. Осы шарадан соң да ата-баба рухына тағзым етіп, ас беру шарасы жалғасын тауып келеді.

Бүгінде ұжымына, туыстарына басшы, қамқоршы болған Қуаныш Көләнов ағамыз өмірде жоқ. Әйтсе де оның ізгіліктістері, көпшілікке көрсеткен өнегесі жадымыздан өшер емес. Иә, алдымызда көш бастап жүрген ағалардың жүргені жақсы-ақ еді. Қалған ағаларымыз аман болсыншы.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ – МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

**Жәнібек Алиев,
аудан әкімінің орынбасары**

**(Соңы. Басы газеттің
№16,17 сандарында)**

Ұлттық құндылықтарымыз – Мемлекеттік Рәміздерге деген қарапайым халықтың құрметін қалыптастыру, жас ұрпақтың санасына отаншылдық сезімді сіңіру, оларды патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында білім беру ұйымдарында ашық сабақтар, колледж студенттерінің қатысуымен «Туым – тұғырым, Елтаңбам – елдігім, Өнұраным – айбыным» атты әскери-патриоттық жиын және аудан орталығындағы Рәміздер алаңында салтанатты жиын ұйымдастырылып, қазалылық жастар «Менің Қазақстаным!» патриоттық челленджіне үн қосты. 4 маусым күні мемлекеттік мекеме қызметкерлері, жастар өкілдері мен ерікті жастардың қатысуымен «Желбіре, көк байрағым!» атты Мемлекеттік тумен велошеру және марофон жарысы өткізілді. Мереке қарсаңында Әйтеке би кентіндегі ҚРРәміздері алаңына жастар мен волонтерлердің қатысуымен 2 мәрте сенбілік (әктеу, сырлау, тағы басқа) ұйымдастырылды.

2024 жылы аудан әкімдігіне қарасты мекемелерді Мемлекеттік рәміздермен қамтамасыз ету үшін аудандық бюджеттен 8,0 мың теңге бөлініп, 795 дана Мемлекеттік ту, 31 герб алынып, мекемелерге таратылып берілген.

Жастармен жұмыс жүйелі

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, ауданда 14 пен 35 жас аралығында 23532 жас есепке алынып, жалпы халықтың 29,7% құрады. 2024 жылдың қортындысымен жастардың жұмыссыздық деңгейі 2,3%, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш едәуір төмендеген.

Жыл басында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан Қазалы ауданы бойынша NEET санатындағы 829 жастың тізімі ұсынылған болатын. Осыған орай, тізімде көрсетілген жастардың әлеуметтік санатын нақтылау мақсатында аудан көлемінде адрестік жұмыстар қайта қолға алынып, 363 жасқа азайды. Жыл қортындысымен Қазалы аудандар арасында

бірінші сатыдан көрініп, бұл санаттағы жастардың үлесі 54,59%-ды құрады. 2025 жылға NEET санатындағы жастың жалпы саны 218 болды. Қазіргі таңда NEET санатындағы жастардың үлесін төмендету бағытындағы жұмыстарға басымдылық беріліп, жұмыстар атқарылуда.

Жастарды дамыту мен қолдауға 2024 жылы жергілікті бюджеттен 80,4 мың теңге қаралса, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 1 жобаға 6,9 мың теңге, аудан бойынша жастар ресурстық орталықтарының аппараттық шығындарына 74,3 мың теңге бөлінді. Аудан жастарымен жұмыстарды екі «Жастар ресурстық орталығы» үйлестіреді. 23 маман қызмет атқарады.

Сауатты жарнама – тіл тазалығының кепілі

Қазіргі таңда елді мекендердегі көрнекі үгіт-насихат құралдарының саны 157. Оның ішінде 103 билборд, 5 Led экран, 8 пано бар. Жарнамаларда Мемлекеттік бағдарламалар, Президент Жолдауы, құқық бұзушылық, мемлекеттік қызмет көрсету, төтенше жағдайдың алдын алу шаралары, еңбек адамдарын, жергілікті ақын-жазушыларды насихаттау, тағы басқа бағыттар бойынша билбордтар орнатылған. Сондай-ақ атаулы мерекелік даталардың баннерлері үнемі ауыстырылып тұрады.

Сонымен қатар, ақпараттық-насихаттық көрнекі ақпарат құралдарында сапалы және қолжетімді мемлекеттік қызмет көрсету, білім, денсаулық, кәсіпкерлік, дін, телевизия және БАҚ салаларына және жол, өрт қауіпсіздігін сақтау, суға шомылудағы қауіпсіздік, ұсақ құқық бұзушылық, алаяқтардан сақтану, тұтынушы құқығы, ауданның тыныс-тіршілігін насихаттау, көркейту-көгалдандыруға қатысты қосымша тақырыптар қамтылған.

Өткен жылы Қазалыдан шыққан тарихи тұлғалар, жергілікті ақын, жазушылар мен өнер майталмандары бейнесі бейнеленген 24 билборд орнатылды. Тоқсанына бір рет бөлім тарапынан аудан көлеміндегі әлеуметтік

нысандағы көрнекі үгіт-насихат құралдарына мониторинг жүргізіліп, идеологиялық мазмұны ескірген, күнге күйген, жыртылған баннерлер уақытылы ауыстырылуда. Кент, қала және ауылдық округтердегі көрнекті ақпараттық құралдарды қалыпқа келтіру және жаңарту жөніндегі тапсырмаларға сәйкес, ескі үлгідегі билбордтар тұрақты жаңартылуда.

Жаңа міндеттер жаңа жауапкершілік жүктейді

Иә, қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайды қадағалайтын, азаматтық қоғам институттарының дамуына оң ықпал ететін, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізетін қоғамдық даму бөлімінің өткен жылы атқарған жұмыстарын аз-кем әңгімеледік. Алайда арқаны кеңге салуға болмайды, алда әлі де кезек күткен, ауқымды іс-шаралар жетерлік. Осы ретте, бөлім биылғы жылға атқарылатын жұмыстардың жоспарын талқылап бекітті.

2025 жылға арналған аудандық қоғамдық-саяси маңызды шаралардың күнтізбелік жоспарына 237 шара енгізілді. Атап айтқанда, Жұмысшы мамандықтары жылы, Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай түрлі форматтағы жұмыстар атқарылады. Негізгі шараларға қосымша арнайы жоспарлар әзірленуде.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы тойланады

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы биыл ауданымызда кең көлемде аталып өтіледі. Қазіргі таңда қызу дайындық жұмыстары қолға алынған. Мәдени-көпшілік, рухани және танымдық шаралар, ұлттық ойындардан (көкпар, аударыспақ, теңге ілу, тағы басқа) аудандық ашық біріншіліктер, патриоттық ән байқаулары, драма ұжымдарынан облыстық байқауы мен фестивалы өткізіледі.

Ең маңыздысы, Әйтеке би кентінде жаңартылған «Жеңіс» саябағының ашылу салтанаты өтеді. Былтыр қыркүйек айында 40 жылдық тарихы бар «Жеңіс» саябағын мәдени-демалыс кешеніне айналдыру жұмыстары басталған болатын. Саябақта «Даңқ»,

«Тағзым», «Киелі қазақ елі», «Жастар» аллеялары және отбасылық мейрамханалармен, түрлі тамақтану, демалыс орындары, спорт және балалар ойын алаңдарын салу жоспарланған. Биыл күн жылысымен саябақты абаттандыру жұмыстары жалғасын табатын болады. Сондай-ақ, мерейтой қарсаңында аудандағы Соғыс және Тыл ардагерлеріне құрмет көрсету шаралары ұйымдастырылады.

2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы

2024 жылғы қыркүйекте Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялады. Президент Қ.Тоқаев атап өткендей, Жұмысшы мамандықтарының жылы қоғамымызда қажырлы еңбек пен кәсіпқойлық идеясын ілгерілетуге көмектеседі. Осы ретте, 2025 жыл – Жұмысшы мамандықтары жылы аясында аудан көлемінде ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары әзірленуде. Жұмысшы мамандықтары жылының ашылуы наурыз айында өткізіледі.

Жыл көлемінде Жұмысшы мамандықтары жылына орай өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан еңбек ардагерлері, жұмысшы мамандар және еңбек үздіктері қамтылған түрлі форматтағы іс-шаралар кешені ұйымдастырылмақ.

Қортындылай келе, биылғы жоспарланған жұмыстар мен кешенді іс-шараларды жүзеге асыру, осы бағыттағы жұмыстарды нәтижелі жалғастыру үшін саланың дамуына серпін беруді басты мақсат еттік.

Алдағы уақытта да бөлім қызметкерлері қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын сақтау, азаматтық қоғамды дамыту, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін, инновациялық және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қол жетімділігін қамтамасыз ету, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы үшін ақпараттық ортаны құру, сондай-ақ өңірлік ақпараттық кеңістікті дамыту мақсатындағы жұмыстарды үйлестіруге бар күш-жігерін жұмсайтын болады.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ЖИНАЛЫСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

«Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті

аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығына сәйкес жергілікті қоғамдастық

жиналысының өткізілетіндігін хабарлайды. Жиналыстың күн тәртібінде:

1. Дәстен Оразымбетов 1 көшесін –Айнакөл атауымен қайта атау туралы;
2. Біржан Сал тұйық көшесін

–Белкөл атауымен қайта атау туралы мәселе қаралады.

Жиналыстың өткізілу уақыты: 14 сәуір 2025 жыл, сағат 10.00 .

Әйтеке би кенті әкімінің аппараты коммуналдық мемлекеттік мекемесі

● Маманның кеңесі

«ЕҢБЕК ЖОЛЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысымен қыркүйек айының соңғы жексенбісі «Еңбек күні» мерекесі болып бекітілген.

Осыған орай, ағымдағы жылы «Еңбек Жолы» республикалық конкурсы ұйымдастырылады.

Конкурсты өткізу мақсаттары:

1) ұрпақтар сабақтастығын сақтау;

2) еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және жаңа еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жасау;

3) қазақстандықтарда Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

4) жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу;

Барлық ниет білдірген тұрғындарды және барлық меншік нысанындағы ұйымдардың еңбек ұжымдарын аталған конкурсқа қатысуға шақырамыз (мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда).

Конкурсқа қатысуға кәсіпорындардың барлық жұмыскерлері қатыса алады.

Конкурс 3 номинациядан тұрады:

1) «Ең үздік еңбек әулеті» - марапаттар саны ең көп, еңбек өтілімі ең

ұзақ, көп мүшелі әулеттер таңдалады;

Ескертпе: Еңбек әулеті – бір салада бір отбасының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және аталған ұйымдағы жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған әулет өкілі әулеттің басшысы болып танылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (немесе қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауы тиіс.

2) «Өндірістің үздік жас маманы» - еңбек өтілімі 5 жылдан аспайтын, өндірістің ең еңбекқор және белсенді жұмыскері таңдалады;

3) «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» - еңбек өтілімі 20 жылдан кем емес, аса тиімді жұмыс істейтін тәлімгер таңдалады.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер 2025 жылдың 1 наурызынан бастап 1 маусымға дейін қабылданады. Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде ұсынылады.

Конкурсқа қатысу үшін төмендегідей құжаттарды тапсыру қажет:

- конкурсқа қатысуға номинациясы көрсетілген өтініш;

- төлқұжаттың

көшірмесі;

- тиісті номинациясы бойынша 2-3 минуттан аспайтын бейнеролик (қалауы бойынша жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);

- конкурсқа қатысушы туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хобби және тағы басқа), (Microsoft Power Point форматында) 2-3 минуттық компьютерлік презентация;

- жұмыс берушімен расталған еңбек кітапшасының көшірмесі немесе жұмыс өтілін растайтын басқа да құжаттар / жұмыс орнынан анықтама;

- жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсыныс хат;

- мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, мадақтау қағаздардың, алғыс хаттардың көшірмелері;

- бар болса біліктілікті арттыру куәліктерінің көшірмелері.

Жеңімпаздарды марапаттау Астана қаласында өтеді (соңғы туры).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірушілер құжаттарын аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тапсыра алады.

Толық мағлұмат алу үшін аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің 23-2-62 байланыс телефоны арқылы білуге болады.

Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

● Хабарландыру

2025 жылдың 28 наурыз күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезекті XXXVI сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібіне төмендегідей мәселелер ұсынылады:

1. Аудандық білім бөлімінің атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттері туралы;
2. Аудандық мәслихаттың «Өндіріс салалары, ауыл шаруашылығы, экология, табиғат ресурстарын пайдалану» жөніндегі тұрақты комиссияның есебі туралы.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

ҚЫЗЫЛША АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қызылша- вирус тудыратын, ауа тамшылары арқылы берілетін жедел жұқпалы ауру. Көптеген ғасырлар бойы өлім-жітімнің жоғары болуына байланысты қызылша балалар арасында ең қауіпті аурулардың бірі болып саналды. Егер бұрын қызылша балалар инфекциясы болса, бүгінде онымен ересектер де ауырып, инфекция барлық жастағы адамдарды да қамтуда.

Инфекция науқаспен байланыста болған кезде науқас адамнан сау адамға жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде жұғады.

Инкубациялық кезең 7-ден 17 күнге дейін созылады. Науқас инкубациялық кезеңнің соңғы екі күнінде, катаральды кезеңде (3-4 күн) және бөртпелердің 4-ші күніне дейін, яғни 9 күн ішінде айналасындағы адамдарға жұқпалы болады. Катаральды кезеңде қызылшаның бастапқы белгілері респираторлық инфекция түрінде байқалады, яғни дене қызуының 38,0 - 39 С, кей жағдайда 40 С-қа дейін көтеріліп, бас ауырады, жөтел, мұрыннан су ағып, тамақ ауырады. Ұйқышылдық пен тез шаршау, әлсіздік пайда болады. Бұл белгілерден соң науқаста қызылшаның негізгі симптомдары-тістердің түбінде, аузында айналасы қызарған ерекше бөртпелер пайда болады. Осы бөртпелерге қарап ауруды ерте диагностикалауға және науқасты уақытылы оқшаулап, дер кезінде емін беруге болады. Бөртпелер бастапқыда құлақтың артында және шаштың өсу аймағында бас терісінде пайда болады, одан кейін дененің төменгі бөлігіне және аяққа дейін бүкіл денеге тарайды. Ұсақ қызғылт бөртпелер тез арада үлкейіп, формасын өзгертіп, бір-біріне қосылып кетеді. 3-4 күннен соң бөртпелер қайтып, орнында қоңыр дақтар қалады, олар екі аптадан кейін кетіп, тері қайта тазарады.

Егер сіз немесе сіздің балаңызда жоғарыда аталған ауру белгілерін байқасаңыз тез арада үйге аймақтық дәрігерді немесе жедел жәрдем қызметін шақыртыңыз. Емханаға өз бетіңізше бармаңыз, өйткені қызылша ауруын басқа адамдарға жұқтыруыңыз мүмкін. Жөтелгенде, түшкіргенде бетперде киіңіз, қолыңызды сабындап жуып, антисептик қолданыңыз!

Құрметті ата-аналар, өзіңізді және балаларыңызды қызылша ауруынан сақтаудың тиімді жолы жұқпаға қарсы ектіру екенін айта келіп, алғашқы қызылшаға қарсы егу 12 айлықта, қайталап егу 6 жаста жүргізілетінін естеріңізге саламыз. Сондай-ақ қызылшамен бұрын ауырмаған немесе вакцинацияланбаған науқаспен байланыста болған 30 жасқа дейінгі адамдарға да эпидемиологиялық көрсеткішке сәйкес қызылшаға қарсы егу шарасы жүргізіледі. Егілген балалар аталған індетпен сирек ауырады әрі жұқтырған күннің өзінде жеңіл түрде өтеді. Керісінше, егілмеген балалар арасында көкжөтел ауруын жұқтыру көрсеткіші жоғары. Сондай-ақ, олардың ауруы да созылып, ұзақ уақыт емдеуді қажет етеді. Мұндайға жол бермес үшін уақытында екпе алу керек.

С.ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.